

Жедел ден қою шараларын қолдану туралы нұсқаманың нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 15 мамырдағы № 207 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 17 мамырда № 32502 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабы 4-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған жедел ден қою шараларын қолдану туралы нұсқаманың нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім министрі

С. Нурбек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары
білім министрі
2023 жылғы 15 мамырдағы
№ 207 бұйрығымен
бекітілген

Нысан

Жедел ден қою шараларын қолдану туралы нұсқама № _____

1. 20__ жылғы " __ " _____ (жасалған күні)
) (уақыты) (орны)

2. _____
_____ (бақылау және қадағалау органының атауы) _____

___ 3. бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізген адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы _____

_____ 4. бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізу кезінде қатысқан жеке немесе заңды тұлға өкілінің лауазымы _____

_____ 5. бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың және (немесе) тексерудің жүргізілген күні, орны және кезеңі _____

_____ 6. тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына сәйкес бұзушылықтың ауырлық дәрежесін міндетті түрде көрсете отырып, тексеру парағына сәйкес анықталған бұзушылықтардың тізбесі:

№	Тексеру парағы талаптарының тармақтарына сәйкес анықталған бұзушылықтардың атауы	Тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына сәйкес бұзушылықтың ауырлық дәрежесі	Жедел ден қою шарасы (қызметті оның қолданылу мерзімдерін белгілеп тоқтату немесе оған тыйым салу)	Анықталған бұзушылықтарды жою бойынша ықтимал іс-қимылдарға ұсынымдар мен нұсқаулар, оларды жою мерзімдері
1.				
2.				
3.				

7. бақылау және қадағалау субъектісі өкілінің (заңды тұлға басшысының не оның уәкілетті адамының), бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізуге тартылған адамдардың нұсқамамен (актімен, қаулымен) танысуы немесе танысудан бас тартуы туралы мәліметтер, олардың қолтаңбалары немесе қол қоюдан бас тартуы _____

Бақылау субъектісінің немесе оның уәкілетті тұлғасының басшысы: _____
_____ (қызметі) _____
_____ (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты (қолы) куәландыратын құжатта көрсетілсе) Бақылау және қадағалау органының басшысы: _____
_____ (лауазымы) _____
_____ (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты (қолы) куәландыратын құжатта көрсетілсе)